ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 9 тамыз №5165-24-00-2/1930 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Рүстем, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысының білім басқармасының «Арыс қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «РостИнвест» Айдаралы Азат Ерланұлы.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану.
2. Тұрақсыздық айыппұлды өндіру.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Түркістан облысының білім басқармасының «Арыс қаласының білім бөлімі» Мемлекеттік Мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «РостИнвест» Айдаралы Азат Ерланұлыны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «РостИнвест» Айдарлы Азат Ерланұлынан мемлекеттің пайдасына 89 999,9 (сексен тоғыз мың тоғыз жүз тоқсан тоғыз теңге тоғыз тиын) теңге тұрақсыздық пен 4 545 (төрт мың бес жүз қырық бес) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 12.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 20.09.2024, судья Рүстем Б. М., 25.09.2024
5165-24-3-1/1916

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруге мүмкін.

Судья **Б.Рүстем**

Құжатқа қол қойылған: Рустем Б. М., 12.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.09.2024, судья Рустем Б. М., 25.09.2024

5165-24-3-1/1916